IQAA

БІЛІМ САПАСЫН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA

"НҰР МҮБАРАК" ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ ЕГИПЕТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ»

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ

6В02200 - ИСЛАМТАНУ
7М02200 - ИСЛАМТАНУ
8D02200 - ИСЛАМТАНУ

Нұр-Сұлтан қ. -2020 жыл

СОСТАВ ВНЕШНЕЙ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ

Тышхан Кеншилик
Руководитель экспертной группы
Заведующий кафедрой религиоведения Евразийского национального университета им. Л. Гумилева кандидат философских наук, доцент

Закиров Рафис Рафаелевич
Международный эксперт
Проректор по научной работе Российского исламского института, кандидат филологических наук, доцент.

Амиров Абзал Майлыбаевич
Представитель работодателей
Директор Ушконырского медресе-колледжа

Ғатиат Мақсұт Болатқанұлы
Представитель обучающихся
Докторант 2-го года обучения Университет Сулеймана Демиреля

УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ: **6В02201 – ИСЛАМОВЕДЕНИЕ** ***в*** **Египетском университете исламской культуры «Нур Мубарак»**

Стандарты	**Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта**			
	Полное соответствие	**Значительное соответствие**	**Частичное соответствие**	**Несоответствие**
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав	+			
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности	+			

УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ: **7М02201 – ИСЛАМОВЕДЕНИЕ** ***в*** **Египетском университете исламской культуры «Нур Мубарак»**

Стандарты	**Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта**			
	Полное соответствие	**Значительное соответствие**	**Частичное соответствие**	**Несоответствие**
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав	+			
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности	+			

***УРОВЕНЬ СООТВЕТСТВИЯ ОТЧЕТА ПО САМООЦЕНКЕ ФАКТИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ДЕЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ:* 8D02201 – ИСЛАМОВЕДЕНИЕ *в* Египетском университете исламской культуры «Нур Мубарак»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	Полное соответствие	Значительное соответствие	Частичное соответствие	Несоответствие
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	+			
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав	+			
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности	+			

МАЗМҰНЫ

1 ТАРАУ. АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТІ 7
Кіріспе……

ЖОО-ның негізгі сипаттамалары …… 7
2 ТАРАУ. САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ 9
Мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі 9
Кіріспе ……
СТАНДАРТ 1 10
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ……
СТАНДАРТ 2 11
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ……
СТАНДАРТ 3 13
БІЛІМ АЛУШЫЛАР ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ……
СТАНДАРТ 4 16
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ, ТАНУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТЕР…….
СТАНДАРТ 5 19
ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ……
СТАНДАРТ 6 21
ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРД ҚОЛДАУ……..…….
СТАНДАРТ 7 22
ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ……
3 ТАРАУ Қортынды…… 25
Қосымшалар 27
1Қосымша
Сыртқы аудит бағдарламасы ……
2 Қосымша 30
Сұхбатқа қатысушылардың тізімі……
3 Қосымша 36
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар тізімі……

1 ТАРАУ.
АУДИТ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНТЕКСТІ
Кіріспе

«Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетіне институционалды аккредиттеу рәсімі аясында сараптамалық топтың сыртқы сапары 2020 жылдың 4-5 наурызы аралығында өтті.

IQAA әзірлеген бағдарламаға сәйкес сыртқы аудит жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: сапар бағдарламасы, 3 тілде мамандырылған аккредиттеу туралы есеп, сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулық, сұхбатқа қатысушылар тізімі, тәжірибе базалары мен бөлімдердің тізімі және басқа құжаттар сараптамалық топ мүшелеріне білім беру ұйымында жұмыс алдында ұсынылды. Бұл сыртқы бағалау рәсімін уақтылы дайындауға мүмкіндік берді.

Универсиеттің өзін-өзі бағалау туралы есебі мамандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес ұсынылған ақпараттың жеткілікті мөлшерін қамтиды, күшті және әлсіз жақтарын анықтайды, қауіптер мен дамыту мүмкіндіктерін анықтайды.

Білім беру және ғылыми процестерді, материалдық-техникалық базаны ұйымдастыру туралы жалпы түсінікке қол жеткізу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сонымен қатар білім алушылармен және жұмысшылармен жұмыс орындарында байланыс орнату мақсатында жалпы шолу жасалды. Сарапшылар құрылымдық бөлімшелерді, оқу-зертханалық кешендерді, кафедраларды, Абу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығын, кітапханалар және оқу процесін қамтамасыз ететін басқа да қызметтерді қарап шықты.

Сыртқы аудит жүргізу барысында мамандар құжаттамамен танысты, сабақтарға қатысты, білім алушылармен, магистранттармен, докторанттармен, ПОҚ құрамымен және т.б. сұхбат жүргізді.

ЖОО-ның негізгі сипаттамалары

Египеттің «Нұр-Мүбарак» ислам мәдениеті университеті діни және білім беру кеңістігінде белгілі бір бағыты бар жоғары оқу орны және елдің рухани өмірінде ерекше орын алатын мекеме ретінде танылады. Ол өзінің жоғары білікті оқытушыларымен және бәсекеге қабілетті түлектерімен танымал. Нұр-Мүбарак университетінің түлектері Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қамқорлығында.

«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті Қазақстан Республикасының заңдары мен екі ел үкіметтері арасындағы университет және оның жарғысы туралы келісім негізінде жұмыс істейді. Университеттің жалпы басшылығы мен екіжақты қызметін үйлестіру үшін Қамқоршылық кеңес құрылған. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім саласында білім беру қызметін жүргізуге 2010 жылғы 29 қыркүйектегі қолданылу мерзімі шектеусіз № 0137466 мемлекеттік лицензиясы бар.

2011 жылы исламтану саласындағы маманның елдің тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігіндегі маңыздылығын ескере отырып, «5В021500 - Исламтану» мамандығы Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының біліктілік тізіміне енгізілді. Сонымен, соңғы 10 жыл ішінде университет 500-ден астам исламтанушы, дінтанушы, тіл мамандарын дайындады, олардың 300-ден астамы жоғары білімді имамдар. 2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 5В021500 - Исламтану мамандығы бойынша бакалавр, 6М021500 - Исламтану мамандығы бойынша магистрлар және 6D021500 - Исламтану мамандығы бойынша докторлар даярлауға мемлекеттік гранттар бөле бастады.

Заңды тұлғаның мекен-жайы:
001000 ҚР Алматы қ., Әль-Фараби даңғылы, №73
Тел. 8 (7272) 302-09-45
Факс 8 (7272) 302-09-30
E-mail: **info@nmu.kz**
www.nmu.kz

2 ТАРАУ.

САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Кіріспе

2020 жылдың 4-5 наурыз аралығында «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура ББ бойынша мамандандырылған аккредиттеу жұмыстары жүргізіліп ББ деңгейлері мен сәйкестіктері, орындалу барысы тексерілді. Аталмыш унверситет базасында жүзеге асырылып отырған Исламтану бағыты бойынша кадрларды даярлау жұмысы 2011 жылдан басталған. Қазіргі уақытты 1600 білім алушы осы бағытта білім алуда. Университеттің осы салада кадр даярлау бойынша еліміздегі бірден-бір Жоғары оқу орны болуы аталмыш ұйымның ерекшелігі саналады.

2015 жылғы білім беруді ұйымдастыру деңгейімен салыстырғанда исламтану бағытында алға жылжу байқалады. Материалдық техникалық базасы жетілдіріліп, білім алушылардың жұмысқа орналасу, іс-тәжірибеден өту, білім алушы орталықтандырылған ББ жүзеге асыру бағыттары бойынша жұмыстар жасалған. Египет ислам республикасы мен үкімет аралық деңгейде құрылған оқу орны болғандықтан Египет тарапынан келген жоғары білікті мамандардың да саны артқан. Әрі исламтану бағытының тікелей араб тілін меңгеру дәрежесімен тікелей байланыста болғандықтан осы бағытта тиімді жұмыс жасалып жатқандығы байқалады. Әрі білім алушылардың оқу

кестесінен тыс қосымша тіл курстарына қатысу мүмкіндігі қарастырылуы да тиімді тұсы болып саналады.

Исламтану мамандығы 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура ББ деңгейінде әзірлеу осы саладағы білікті мамандардың қалыптасуы мен шығуына оң ықпал ететіндігі белгілі. Дегенмен, деңгейлік түрде ББ әзірлеу, деңгейлік әрі логикалық сабақтастықты сақтау бойынша кейбір олқылықтар орын алып отырғандығы байқалады. Әрі бакалавр бойынша дипломдық жұмысты жазу және оған жетекшілік жасау білім алушылар контингентінің салыстырмалы түрде көп болуы бір оқытушыға оншақты.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Дәлелдемелер және талдау:

Білім беру бағдарламасының ортақ компоненті білім беру жүйесінің қызмет нәтижелері – түлек сипаттамасын сипаттайтын мақсаттар жүйесі болып табылады. Миссияны жүзеге асыру үшін, стратегиялық жоспарға, мақсаттар мен міндеттерге, өзекті біліктілік пен құзыреттілік алу жолында білім алушылардың сұранысына сәйкес 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура БББ-ның келесі міндеттері қалыптастырылған:

- Исламтану ғылымының теориясы мен тарихын, зерттеу әдістемесін игерген, теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды сабақтастырған, қажетті біліктілікке ие жоғары білікті мамандарды – бакалавр, магистр және PhD даярлау, сондай-ақ, осы саладағы кадрлардың біліктілігін арттыруға үлес қосу;
- Исламтану БББ бойынша сапалы және бәсекелестікке қабілетті қамтамасыз ететін білім деңгейіне қол жеткізу;
- Исламтану БББ бойынша білім беру үдерісіне қазіргі заманғы ғылыми жетістіктер мен инновациялық оқу технологияларын кеңінен енгізу, теориялық білімді қоғамдық сұраныстың тәжірибелік салаларымен сабақтастыру негізінде оқыту жүйесінің дуалдылығын қамтамасыз ету;
- Исламтану БББ бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің әртүрлі деңгейлерінде (министрліктерде, департаменттерде, әкімшіліктерде), ғылыми-зерттеу орталықтарында, БАҚ және Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасы, сараптама орталықтары, діни оңалту орталықтары, тағы басқа да құрылымдарда өз құзіреттілігі мен біліктілігі аясында қызмет етуге қабілетті мамандар даярлау;
- Исламтану БББ бойынша мамандардың біліктілігін артыруды және қайта дайындауды қамтамасыз ету;

- Оқу үдерісін қазіргі заманғы оқыту технологияларымен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықтау негізінде оқу-әдістемелік инфрақұрылымды дамыту;
- Отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен байланыс орнату және әріптестік қарым-қатынасты дамыту;
- Қазақстан Республикасының мемлекет қауіпсіздігі мен қоғамдық тұрақтылығына нұқсан келтіретін діни экстремистік, террористік қауіптерді болжап, алдын алу және деструктивті діни ағымдардың әрекетінен зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік-психологиялық, дінтанулық-теологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін кәсіби біліктіліктерге ие мамандарды дайындауға үлес қосу.

Жоғарыдағы университет тарапынан қойылған міндеттердің БББ құжаттарында толық көрініс таппағандығы байқалады. 6В02201-бакалавриат, 7М02201-магистратура және 8D02201-докторантура «Исламтану» БББ бойынша БББ мақсат, міндеттерінде деңгейлік және сабақтастық негіздері айқындалмаған, әрі қайталаулар кездеседі. Бұл деңгейлік сабақтастыққа қайшы келеді.

6В02201-бакалавриат, 7М02201-магистратура және 8D02201-докторантура «Исламтану» БББ бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. Білім беру бағдарламалары қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін іс-тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер каталогы мен түлектердің ұсыныстары дәлелдейді.

Элективті пәндер каталогы, білім алушыларға олардың таңдаудағы талғамына қарай элективті пәндердің қысқаша мінездемелерімен танысуға мүмкіндік береді. Элективті пәндер каталогы әрбір оқу жылы сайын бекітіледі және әрбір білім алушыға, оқытушыға және жұмыс берушіге қол жетімді болады. Дегенмен білім алушылар мен жұмыс берушілердің ұсыныстары мен сәйкесінше енгізілген пәндер көрсетілмеген.

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша міндетті пәндер каталогы мемлекеттік білім беру стандарттарымен анықталған, элективті пәндер негізінен кәсіби білімді толықтай деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік беретін пәндердің тізбесінен тұрады.

Элективті пәндер қажеттілікке орай жұмыс берушілердің, Қазақстан Республикасы Дін істері комитеті «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының», ҚМДБ-ның ұсыныстары негізінде анықталып ауысып отырады. Әрбір оқу жылының сәуір айында кафедра мәжілісіне жұмыс беруші (ҚМДБ) өкілдері қатысады және исламтану ғылымы мен білімінің даму үрдістері және өзекті мәселелері, элективті пәндердің мазмұндамалары, құрылымдық сұрақтары тақырыбында кеңеседі және оларға өздерінің кешендерін ұсынады.

Университеттегі білім беру қызметтерін ұсыну үдерісінде білім алушылардың, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарын анықтау үшін ақпарат жинау жүзеге асырылады. Бұл ретте, мониторинг жүргізудегі негізгі әдісі ретінде, кафедра тарапынан жұмыс берушілерге электрондық сауалнама жолдау арқылы, нәтижесі кафедра мәжілісінде талқыланады. Сауалнама нәтижесі бойынша түлектердің кәсіби дайындығын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды, күндізгі бөлім білім алушыларінің жұмыс тәжірбиесі болмағанына қарамастан жұмысқа қабылдау мүмкіндіктерін ұсынады.

Университет басшылығы ПОҚ және білім алушы өкілдерімен білім алушылардың мәселелерін ашық талқылайтын кездесу өткізеді, кездесу қорытындысы бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Білім беру бағдарламасы білім алушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысып, зерттеу әдістерімен танысуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатындағы сәйкес ережелерге сай орындалады.

Университетте академиялық адалдық Кодексі әзірленіп қабылданған, ПОҚ ұжымы мен білім алушылар академиялық адалдық саясатын ілгерілетуді қолдай отырып, өзіндік ұстанымы бар және жан-жақты болуға тырысады. Жоғары оқу орындарына түсу және жұмысқа қабылдау кезінде тең шарттарды қамтамасыз ету ҚР Конституциясында, «Білім туралы» заңда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17650 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығының «Жоғары білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік қағидаларында» қарастырылған.

Ескерту:

1. 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура ББ мақсаты мен міндеттерінде сәйкестіктер кездеседі. Бұл білім беру үрдісіндегі деңгейлік сабақтастық логикасына қайшы келеді.

Жақсарту шаралары:

1. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ деңгейіне сай мақсаты мен міндеттерін жетілдіру.

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты – басым сәйкес

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

Дәлелдемелер және талдау:

Бакалавр бойынша әзірленген БББ біліктіліктің Ұлттық жүйесіне және мамандықтың кәсіби стандартына сәйкестендірілген. 6В02201бакалавриат,

7М02201 магистратура және 8D02201докторантура «Исламтану» БББ-ның мазмұны кәсіби әлеуеттік құзіреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлаудың талаптарына сәйкес жасалады.

Бұл БББ-ның қажетті тұтастығы БББ құрылымына қосылған, модульдердің тұғырнамалық және тәжірибелік, білім берушілік, кәсіби құрамының үйлесімділігімен қамтамасыз етіледі.

БББ жүйесінде көрсетілген қалыптасатын негізгі құзіреттердің, кәсіби модульдер блогына кіретін нақты модульдердегі интеллектуалдық және академиялық дағдылардың өзара байланысы көрініс тапқан, ал тәжірибелік дайындықты көрсететін құзыреттер тәжірибе модулінде, қорытынды аттестаттау, қорытынды модульдерінде көрінеді. Міндетті компонент бойынша БББ мазмұны МЖМБС және типтік оқу жоспары талаптарына сәйкес.

Алайда келтірілген негізгі құзыреттер әлеуметтік, кәсіби рөлдердің ауысуына дайындықтың, әлеуметтік ұтқырлық жағдайындағы өсу динамикасындағы өзгерістерінің барлық талаптарына жауап бермейді.

Таңдалған түйінді құзыреттер білім алушыларда білім беру бағдарламасы модульдерін игеру кезінде қалыптасады. БББ элективті модульдері білім алушыларға жеке оқу траекториясы бойынша таңдау жасауға мүмкіндік бермейді. БББ білім алушылардың талап-тілектерімен еңбек нарығы тарапынан сұраныстар қарастырылмаған. Бұл бағытта жұмыс берушілердің ұсыныстары ескерілмеген.

Білім беру бағдарламалары негізгі құзыреттіліктерді дамытатын кәсіби қызметке даярлау үшін компонент қарастырады. Осы мақсатта, оқу жоспарында мынадай іс-тәжірибе түрлері қарастырылады: оқу, өндірістік және дипломалды. Іс-тәжірибенің әрбір түрі жекелеген құзыретті қалыптастыратын өз мақсаттарын иеленеді**.** Іс-тәжірибенің көлемі, іс-тәжірибе бойынша қорытынды баға көзделген құзыреттер мен іс-тәжірибе түрлеріне байланысты құрылады. Іс-тәжірибенің барлық түрлері бойынша әдістемелік құралдар әзірленеді (іс-тәжірибе бағдарламасы және іс-тәжірибені ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар, күнделік және т.б.). Нормативтік құжаттарға сәйкес тәжірибенің барлық түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар жасалып бекітілген. Жұмыс бағдарламасы және әдістемелік нұсқаулар өндірістік практика бойынша типтік бағдарламасының негізінде жасалған практикадан өту жайында білім алушыларға қойылатын талаптар мен тапсырмалар, іс-тәжірибе мазмұны, есеп беру құжаттарының түрлері, олардың рәсімдеу үлгілерін және т. б. қамтиды.

Әлемдік білім беру кеңістігінде заманауи даму үрдістері университеттің алдына ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жаңашылдықтарға сәйкес қашықтықтан білім беру технологияларын қолдануды одан әрі дамыту және жетілдіру бойынша міндеттер қояды. Сондықтан, университет қызметінде дәстүрлі, инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу, жаңарту және енгізу

бойынша жұмыс жүргізілуде. Болашақта қашықтықтан оқытудың басқа жүйелерін әзірлеу жоспарланған.

Исламтану кафедрасының білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушы магистратурада, докторантурада (ғылыми-педагогикалық бағыт) білімін жалғастыруға мүмкіндігі бар. Бұл ББББ 2012 жылы үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету мақсатында ашылған. Бірінші шығарылым 2014 жылы өткен. Жыл сайын бөлінетін мемлекеттік гранттардың санында арту байқалады. Осы ББББ бойынша ақылы негізде оқу мүмкіндігі бар. Сонымен қатар осы университеттің білім алушылары өздерінің оқуын Қазақстан Республикасының кез келген университетінде конкурстық қабылдау негізінде жақын және алыс шетелдерде, әсіресе Болон процесіне қатысушы мемлекеттерде жалғастыра алады. Бұған ECTS кредиттерін қайта есептеу және академиялық ұтқырлық ықпал етеді.

Ескерту:

1. 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ паспорты білім алушылар мен жұмыс берушілермен келісілмеген.
2. 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура ББ таңдау модульдарына бөлінбеген.

Жақсарту шаралары:

1. Оқу-әдістемелік құжаттарды нормативті-құқықтық әктілерге сәйкестендіру.
2. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ үш тілде әзірлеу: қазақша, ағылшынша және орысша
3. Іс-тәжірибеге қатысты құжаттарды жүйелеу.
4. Шет елдік жетекші ЖОО-лармен ортақ ББ әзірлеу.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару – басым сәйкес

СТАНДАРТ 3. БІЛІМ АЛУШЫЛАР ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ

Дәлелдемелер және талдау:

Орталықтандырылған білім беруде білім алушылар білім алудың траекториясын құруды негізге ала отырып жүзеге асырылады. Университетке оқуға түскен кезеңнен бастап білім алушы өзінің білім алу траекториясын жасайды (жеке оқу жоспары). Білім алушы жеке оқу жоспарын мамандықтың типтік оқу жоспары негізінде әр оқу жылына жасайды, ал элективті пәндер каталогы оқу траекториясын жасауға мүмкіндік береді. Пәндерді таңдау оларды логикалық тәртіппен оқуды есепке ала отырып жүргізіледі. Элективті пәндер оқу бағдарламасы каталогы кәсіби білімді

толық меңгеруге мүмкіндік беретін пәндер тізімінен тұрады, еңбек жарғысымен, жұмыс берушілер пікірі, ғылымдағы инновация және нарықтың талабы есепке алынады.

Білім алушылар нақты бір пәнді оқу соңында өз пікірлерін кафедраға ұсыныс арқылы білдіреді.

Білім беру бағдарламасының басты тұтынушысы білім алушы болып табылады, сондықтан бұл бағдарламаны жүзеге асыруда олардың талаптары басшылыққа алынады. Оқу жүктемесін құрастыру кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері, қажеттіліктері және мәдени тәжірибелері ғылыми білім беру қызметінде жүзеге асырылады: элективті курсты таңдауда, іс-тәжірибе базасын таңдауда, диплом жұмысының тақырыбын анықтауда, диплом жетекшіні таңдауда, білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуда (ғылыми жобалар) т.б. Білім алушылардың жеке мінездемелерін есепке алуды эдвайзер жүзеге асырады, сондай-ақ білім алушылардың академиялық ұтқырлық бойынша бағдарламасын кафедра үйлестіреді, эдвайзер туралы Ережеге сәйкес білім алушыға, білім алу жоспарын жасауға бакалавриатта білім алу барлық кезеңіне эдвайзер көмек көрсетеді. Білім алу үдерісін ұйымдастыруда эдвайзер барлық ақпараттық материалдарды алуға көмектеседі, жеке оқу жоспарын дайындап білім алушыға электронды түрде ұсынады, әдістемелік материалдардың бар болуына және ұқыпты дайындалудың аралық және қорытынды аттестациялауын барлық пән бойынша қадағалайды.

6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура «Исламтану» білім алушылары ББББ мазмұнын бағалау және оқыту әдістерін талдауға қатысады. Білім беру бағдарламасының тиімді құрылымы алушыларға пәнді және оқытушыны таңдауға еркіндік береді, түрлі тұтынумен әр түрлі қызмет түрлерін таңдауға сәйкес келеді. Оқытудың тиімді ұйымдастырылуы білім беру мен бағалауды, оқыту түріне қарамастан оқудың үлкен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқытудың түрлі бағыттарын қалыптастыра алады. Бұл оқу және білім беру қызметінің таңдауын кеңейтеді.

Білім беру бағыттарын жүзеге асыруда әрбір білім алушымен жеке жұмыс жүргізу қағидаты қолданылады. Білім алушы пән оқытушыны (тьютор) таңдап болған соң, «Platonus» бағдарламасында білім алушының жеке оқу бағдарламасы жасалады.

Білім алушының білім алу бағыты жеке оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі, бұл әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясында жасалады. Оқу пәндерін тіркеу эдвайзердің көмегімен жүзеге асырылады.

Білім алушылардың қосымша қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, академиялық қарыздары мен оқу жоспарындағы айырмашылықтарын жоюға университет ақылы негізде 6 апта ұзақтығында жазғы семестр ұйымдастырады.

Университетте білім алушылардың білімін бағалау кредиттік оқыту технологиясы принциптеріне сәйкес балдық-рейтингтік жүйе енгізілген.

Балдық-рейтингтік жүйе білімгердің игерген білім деңгейін нақты әрі әділ есептеуге көметеседі және ол қағаз және электронды түрінде жасалады.

Кредитті оқыту технологиясы принциптеріне сәйкес білімгердің білім бағдарламасын білімгерлер өздері таңдайды. Жеке оқу жоспарын құрастыруда білім алушыларға білім беру бағдарламасының жұмыс жоспарын және пәндер каталогына сәйкес міндетті және таңдау пәндерінің тізімі беріледі. Каталог барлық уақытта университет сайты мен кафедраларда болады. Білім алушыларға элективті пәндердің саны бойынша толық мағлұмат және қысқаша түсініктемесін эдвайзер береді. Білімгерлер эдвайзермен бірлесе отырып жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) яғни, білім алушының пәндерге байланысты жеке білім траекториясын анықтап толтырады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы, халықаралық алмасулар мен тағылымдамалардың ұйымдастырылуы мен білім алушылардың дара тұлғасының дамуы, олардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуметтік құзіреттіліктері университеттің қоғамдық өміріне қатысуы барысында түрлі іс-шараларда қалыптастырады: олимпиадалар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, дебаттар, пікірталастар және т.б.). интелектуалды қабілеттерін арттыруға байланысты жұмыстар жүргізіледі .

Университетте білім алушыларды кезеңдік аттестациялау ҚР МЖМБС-негізінде әзірленген кәсіптік оқу бағдарламасымен, оқу-жұмыс жоспарымен және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ауыстыру, оқуға қайта алу, академиялық демалыс беру сияқты академиялық қағидалар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығымен бекітілген (2018 жылы 21 маусымдағы №289 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының негізіделе отырып жасалған. Аталмыш қағидалар университеттің академиялық саясатының «Білім алушыларға академиялық демалыс беру, ауыстыру және қайта қабылдау ережелері» бөлімінде көрсетілген (www.nmu.kz).

Нұр-Мүбарак ЕИМУ оқу процесінің сапасын бағалау үшін ішкі бақылаудың келесі түрлері қолданылады. Білім алушылардың үлгерімділігінің ішкі бақылауы және білім алушылардың оқу барысындағы жетістіктерінің бағасы сабаққа қатысты есепке алумен де бағаланады. Оқу-әдістемелік басқармасы сабаққа қатысу туралы күнделікті мониторинг жасалып, кафедра мәжілісінде білім алушылардың үлгерімі және сабаққа қатысы қарастырылады. Маман дайындайтын кафедралар білім алушылардың үлгерімін талдап, қорытындысына сәйкес ескерту және түзету жұмыстарын іске асырады.

Мониторингтің білім алушы деңгейінде өтуі ұсынылып отырған оқыту қызметінің сапасына қанағаттану сатысын анықтау мақсатында болады. Мұндай мониторинг жылына екі рет сауалнама түрінде өтеді. Кафедра

деңгейіндегі мониторинг ашық сабақ ұйымдастыру, кафедра меңгерушісінің сабақтарға қатысу түрінде болады. Қорытындылары кафедра мәжілісінде талқыланып, өзара сабаққа қатысу журналында белгіленеді. 2018-2019 оқу жылындағы сауалнама нәтижесінде, білім алушылар сұраныстарына қолдау көрсетілетіндігіне толықтай қанағаттанатындықтарын жеткізді. Жүргізілген сауалнаманың негізінде барлық сауалдар бойынша білім алушылардың жалпы қанағатану қосымшада көрсетілген.

Жақсарту шаралары:

1. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені кеңірек қолдана отырып офистік тіркеуші жұмысын жетілдіру (ОӘК-нің есептік көрсеткіштерін, білім алушыларды бағалау жүйелілігін).
2. Қашықтан оқыту жүйесін дамыту.

Стандарт 3. Білім алушылар, білім алушытік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау – толық сәйкес

***СТАНДАРТ* 4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ, ТАНУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТЕР**

Дәлелдемелер және талдау:

6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура «Исламтану» БББ-на білім алушыларды қабылдауды университет білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын нақтылау, ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №111 бекітілген қаулысымен, ҚР «Білім беру» Заңындағы 4 бап, 25-ші тармақшасына сәйкес шығарылған және Нұр-Мүбарак ЕИМУ-нің қабылдау ережелерімен жүргізеді.

6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура «Исламтану» БББ-на талапкерлерді қабылдау ҰБТ немесе КТ нәтижесі және университетте өткізілетін екі шығармашылық емтихан: Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу және дін негіздері бойынша ауызша емтихан арқылы жүргізіледі.

Әр оқу жылының басында бірінші курс білім алушыларына университет туралы жалпы мәлімет, білім алушылардың құқықтары мен міндеттері, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері, білім алушылардың ауыстыру, қайта оқуға қабылдау және оқудан шығару тәртібі, кітапхананы пайдалану ережесі, оқу жылына арналған академиялық күнтізбе, университеттің басшылықтары мен құрылымдық бөлімшелері туралы ақпарат, өтініш қағаздарының үлгілері көрсетілген жол сілтегіш-анықтамалық беріледі. білім алушының жол сілтегіш-анықтамалық Нұр-Мүбарак ЕИМУ web-сайтында (www.nmu.kz) тіркелген.

Білім алушылар бірінші курстан бастап соңғы курсқа дейін университеттік ортаға бейімделу, оқу-танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби таңдау, жалпы эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, оқу үдерісінде өзін-өзі дұрыс ұйымдастыру және СӨЖ нәтижелілігі сияқты міндеттерді шешу арқылы өз мамандығы бойынша біліктілігін жетілдіреді. Білім алушылар өздерінің теориялық білімдерін оқу, өндірістік және педагогикалық іс-тәжірибелер, сондай-ақ курстық жұмыстарды орындау арқылы толықтырып отырады.

Білім алушыларды басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру ҚР БҒМ №19 20.01.2015ж. бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымының типі бойынша ауысу және қалпына келтіру Ережелері» талаптарына сәйкес жүргізіледі. Білім алушыларды ауыстыру кезінде игерілген кредиттердің қайта сынағы білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндердің тізбесі мен мазмұнын, олардың көлемін, алынған білім, білік, дағдысын және құзыреттерін, сондай-ақ осыларды мойындау Лиссабон конвенциясының принциптері талап ететін оқыту нәтижелерімен салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Университетте білім беру бағдарламасы мен білім беру деңгейі түрлері бойынша орталықтандырылған «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 24 сағаттық тәртіппен жұмыс жасайды. Ол университеттің www.nmu.kz веб-сайтына орналастырылған (http://edu.nmu.kz/).

Жүйенің мәліметтер қорында білім беру деңгейлері мен БББ бойынша білімгерлер контингенті, олардың жеке оқу жоспарлары, академиялық үлгерімдері, т.с.с. толық мәліметтер бар. Сонымен қатар, қажетті ақпарат (сабақ кестесі, пән бойынша балл т.б.) алуға мүмкіндік беретін оқытушы және білім алушылардың жеке кабинеттері іске қосылған.

Университеттің ақпараттық-талдау жұмыстарының нәтиежесінде анықталғандай білімгерлердің басым көпшілігі ауылдық мектеп бітірушілері болып табылады. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура «Исламтану» БББ білімгерлері ақылы түрде, күндізгі оқу нысандары бойынша оқытылады.

Білім алушы жетістіктерін есепке алу университеттің ақпараттық басқару жүйесі негізінде барлық бақылау түрлері бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушының білімін бағалау нәтижелері туралы жедел ақпарат беру үшін «Platonus» ААЖ-і пайдаланылады.Үлгерімнің электрондық журналы «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы білім алушылар дәріс, практикалық, өзіндік жұмыстар, әр түрлі іс-тәжірибелер бөлінісіндегі пәндері бойынша күн сайын оқытушылардың қойған бағаларын көре алады.

Соңғы бес жыл есептеріне сүйене отырып, білім алушылардың белгілі бір абсалюттік көрсеткіштерінің өсуін көруге болады. Өйткені, неғұрлым толық білім алуға ПОҚ біліктілігінің деңгейі, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық ресурстардың жеткіліктілігі әсер етеді.

Білім алушы жетістіктерін есепке алу университеттің ақпараттық басқару жүйесі негізінде барлық бақылау түрлері бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушының білімін бағалау нәтижелері туралы жедел ақпарат беру үшін «Platonus» ААЖ-і пайдаланылады. Үлгерімнің электрондық журналы «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы білім алушылар дәріс, практикалық, өзіндік жұмыстар, әр түрлі іс-тәжірибелер бөлінісіндегі пәндері бойынша күн сайын оқытушылардың қойған бағаларын көре алады.

Соңғы бес жыл есептеріне сүйене отырып, білім алушылардың белгілі бір абсалюттік көрсеткіштерінің өсуін көруге болады. Өйткені, неғұрлым толық білім алуға ПОҚ біліктілігінің деңгейі, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық ресурстардың жеткіліктілігі әсер етеді.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ түлектерінің жұмыс беруші талаптарына сәйкестік мониторингін анықтау мақсатында сауалнама жүргізеді. Түлектерді жұмысқа орналастыру кестелік деректері тұрақты қажеттілік үдерісі бар. Исламтанушы мамандарға жұмыс берушілердің сұранысы артқандығын дәлелдейді.

Жұмыс берушілердің пікірлерінде БББ түлектерінде келесідей құзырет түрлері анықталғанын айтады: қалыптасқан кәсіби құзыреттің болуы (мамандықтың базалық курсынан білімі, оқу үдерісін қазіргі заманғы білім беру әдістері мен технологияларды пайдалана отырып ұйымдастыруға ұмтылу, кәсіби және тұлғааралық дағды мен білікті меңгеру); әлеуметтік-тұлғалық құзыреттің көрінісі (БББ түлектерінің білім, білік, дағдыларын максималды пайдалануға ұмтылуы, кәсіби және тұлғалық өсуге ұмтылуы, қарым-қатынас жасай алу, қоршаған адамдармен тіл табыса алу). Бұларға қоса кафедрада жұмыс берушілердің түлектер туралы, олардың қызметін бағалайтын сыртқы оң пікірлер бар.

Бакалавриатты бітіруші қол жеткізген білім нәтижесін дәлелдейтін квалификациясы туралы ақпарат беретін бірқатар құжаттармен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік емтихан барысында, диплом жұмысын дайындау мен қорғауда қалыптасқан жалпы мәдени және кәсіптік құзыреттіліктер бағаланады.

Мемлекеттік қорытынды аттестациялауға дайындық пен оны өткізудің қазіргі жүйесі Мемлекеттік аттестациялық комиссия профессор, ғылым докторларының төрағалығымен және озық оқытушылар құрамынан тұрады. Жинақталған құзыреттіліктер сапасы бейінді пәндер бойынша қорытынды кешенді емтихан мен диплом жұмысын қорғау кезінде бағаланады.

Қорытынды аттестациядан өткен және диплом жұмысын қорғаған, бакалаврдың сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгергенін дәлелдейтін білімгерге МАК шешімімен 6В02201-Исламтану бакалаврі, 7М02201-гуманитарлық ғылымдар магистрі магистратура және 8D02201-PhD «Исламтану» академиялық дәрежесі беріледі.

Жақсарту шаралары:

1. Магистранттарды қабылдау динамикасының төмендеуіне байланысты кәсіби бағдар жұмысын жандандыру.

2. ЖОО-ның ПОҚ-ның сыртқы академиялық мобилділік жұмысын нығайту.

3. Магистранттардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру.

Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер – толық сәйкес

СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ

Дәлелдемелер және талдау:

Университеттің кадр саясаты профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің құрамының сапалы болуына, оларды үйретуге және университеттің миссиясының білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Жоғары сапалы профессор-оқытушылар құрамын құру басты бағыттардың бірі ретінде университеттің 2017-2020 жж. арналған «Стратегиялық даму» жоспарында атап көрсетілген. Университеттің профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлерге қатысты университеттің кадр бөлімі саясаты жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылау, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату туралы құқықтары мен міндеттері мен қызметтік нұсқаулармен таныстыруда ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Білім туралы» заңымен (2007 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» туралы ҚР БҒМ 2009 ж. 13 шілдедегі № 338 бұйрығын және ішкі нормативтік құжаттарды (университет Уставы, «Ішкі тәртіп ережесі, «Конкурстық комиссия Ережесі» және профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлермен Еңбек шарты) сияқты құжаттарды басшылыққа алады.

Еңбек шартында профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер «Университет профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына тағайындауға арналған конкурстық ережесі», «Ішкі тәртіп Ережесінде» көрсетілген құқықтар мен міндеттермен танысып қолдарын қояды.

Университет басшысы бекіткен «Ішкі тәртіп Ережесі», «Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексінің ережесі», «Білім алушылардың ар-намыс кодексі» негізгі құжаттар болып табылады (www.nmu.kz)

Университеттің профессор-оқытушылар құрамына және қызметкерлерге қатысты кадр саясаты (жұмысқа қабылдау, қызметте жоғарылау, марапаттау, қысқарту, жұмыстан босату туралы құқықтары мен міндеттері, қызметтік нұсқаулары) ПОҚ және университет қызметкерлері үшін қолжетімді және түсінікті. Кадрлар электрондық құжаттар жүйесінде сақталған құжаттарға ешбір кедергісіз қол жеткізе алады.

Оқу процесі бойынша жоспарлау мен есептеуді жүйеге келтіру мақсатында кафедраның оқу жұмысы мен педагогикалық жүктемесі жыл сайын ҚР үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысы бекіткен жалпыға бірдей білім берудің мемлекеттік стандарты мен университеттің Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес жоспарланады.

Педагогикалық жүктеменің сағаттық есебі үшін уақыт мөлшері ҚР БҒМ 2007 жылғы «Білім туралы» заңымен, ҚР үкіметінің 2018 жылғы № 604 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндерінің циклнің үлгілік» және ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» туралы № 563 бұйрығымен айқындалады.

Исламтану кафдерасында жүктемені бөлу кезінде оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметтері және тәрбие жұмысының арақатынас тепе-теңдігі сақталады. Аудиториялық жүктеме білім алушының пән мен оқытушыны таңдауына сәйкес тиімді бөлінеді.

Кафедраның ПОҚ оқу процесін жетілдіруге, оның модульдігіне, білім беру мақсатын жүзеге асыруға, оқудың тиімділігін арттыруға ұдайы қатысып отырады. Кафедра оқытушылары оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін белсенді түрде ат салысады. Жыл сайын оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендері қарастырылып, жаңартылып отырады. 2014-2015 оқу жылынан бастап бакалавриат бойынша оқу жоспары модульдік жүйеге көшті. ПОӘК формасы 40-50 пайызға жаңарды.

Ректорат, кадрлар бөлімі оқытушылар мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларда көрсетілген талаптарға сай болуын қадағалайды. Аттестация қызметкерлерді бағалаудың ең тиімді әдісі болып табылады. Университеттің ПОҚ ҚР Еңбек кодексінің 233 пунктіне сәйкес әрбір бес жыл сайын аттестаттаудан өткізіліп отырады. Аттестаттау барысында оқытушылардың біліктілік дәрежесі, кәсіби деңгейі және іскерлік қабілеті айқындалады. Университетте ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 07 тамыздағы «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі туралы» № 323 бұйрығына сәйкес университет ректорының бұйрығымен аттестациялық комиссия құрылады.

Кафедрада профессор оқытушылар құрамының сабаққа өзара қатысуы және кафедра меңгерушісінің бақылау негізінде қатысуы қалыптасқан, ол арнайы журналға жазылып отырады. Жүргізілетін сабақтың сапасын бақылау мақсатында жыл сайын оқытудың заманауи технологияларын пайдалану түрі дайындалады және ашық сабақтарды жүргізу жоспары орындалып отырады.

Университет басшылары өздерінің тарапынан ПОҚ мен қызметкерлерді алғыс хаттармен, сыйақылармен марапаттап, әлеуметтік көмектер де көрсетіп отырады. Сонымен қатар басшылық ПОҚ айтулы даталар мен мемлекеттік мерекелердің құрметіне сыйақылар беріп, қалалық, облыстық әкімшіліктер тарапынан марапаттар алуға мүмкіндік жасайды.

Оқытушыларды ынталандырудың бірден-бір әдістерінің бірі ретінде барлық ПОҚ жалақыларын көтеріп отырады. Мысалы, 2018/2019 оқу жылы университеттің барлық қызметкерлерінің жалақысы 20 пайызға көтерілді.

Исламтану ББББ дәріс жүргізетін ПОҚ ғылыми рейтингін көтерудің тиімді тәсілі ретінде халықаралық рейтінгісі бар журналдарда мақалалар жариялап тұрады.

Жақсарту шаралары:

1. Шет елдік университеттермен бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдарын қарастыру.
2. Гранттық зерттеулерді жүзеге асыруда университет ПОҚ-тың қатысуын жандандыру.

Стандарт 5. Профессор-оқытушы құрамы – толық сәйкес

СТАНДАРТ 6. ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Дәлелдемелер және талдау:

2019-2020 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету контингенттің бір студентіне 140 бірлікті құрайды.

Университет 5 жылға «Шет тілдер және іскерлік карьера» университеті; «ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы»; «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті»; «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»; «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны»; «Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты», «РМЭБ», және «Үшқоңыр медресе-колледжі» кітапханаларыменен жасалған келісімшарттарға сәйкес осы ұйымдардың кітапханалық ресурстарын білім алушылар мен оқытушылар пайдалана алады.

Оқырмандарға 2 жерден кітап беретін кітапханалық қызмет көрсететін оқу залында, электронды залда 143 орын бар. Пайдаланушыларға электрондық оқу залының электронды және магнитті тасығыштарда (компакт-дискілер, аудио және бейне кассеталар) энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалықтар, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту бағдарламалары көру қарастырылған.

Кітапхананың ақпараттық қорлары кез-келген тасымалдағыштарда толық мәтінді деректер қорын, дәстүрлі және электронды кітапханалық каталогтарды, білім беру мақсатында пайдаланылатын электрондық ресурстарды қамтиды. Бүгінгі таңда 235 мың теңгеге РАБИС жүйесі сатып алынып жұмыс жасауда. Білім алушылармен болған сұбатта білім алушылар тарапынан кітапана жұмыс кестесінің демалыс күндерінде және кешкі 18.00-ден кейін де созу мүмкіндіктерін қарастыруға ұсыныс жасалды.

Барлық білім беру бағдарламалары бойынша докторанттар мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі бар: докторанттарға, профессор-оқытушыларға және

қызметкерлерге ыңғайлы орындарда интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Wi-Fi аумағы бар. Дегенмен, білім алушылардың барлық деңгейлері үшін, бакалавр және магстратура білім алушыларына да заманауи жылдамдықтағы интернет ресурстарын, Wi-Fi желісін жетілдіру ұсынылады. Әрі бұл мүмкіндіктер университет жатақханаларын да қамтуы тиімді болмақ. Қазіргі кезде білім алушылардың 37-38% жатақанамен қамтамасыз етілген. Университет осы бағыттағы мүмкіншілікті қарастыру ұсынылады.

Білім алушы студенттердің ақпараттық ресурстарға деген мүмкіндігі мол. Университетте жалпы 145 компьютер, 50 шеткері құрылғы (принтер, ксерокс), 2 проекторлы интерактивті тақта, 4 тасымалды проектор, 3 компьютер класы, оларда 69 компьютер бар.

Университетте заманауи мультимедиалық құрылғылармен, лингофондармен, компьютерлік техникалық жабдықтармен жабдықталған 20 орындық, 1 лингвистикалық класс жұмыс жасайды. Жылдамдығы 120 МБит/с. Интернет жүйесіне қосылған. Университетте біртұтас есептеу жүйесі жұмыс істейді. Қазіргі кезде интернетпен 2 оқу корпусы, 1 жатақхана, қамтамасыз етілген. Университетте оптикалық – талшықты байланыс желісі тартылған. Соған байланысты мәліметтердің берілу жылдамдығы 16 Мбит/с-дан 50 Мбит/с-ға артты. Университеттің барлық корпустары сол жүйеге қосылған, сонымен бірге 3 компьютер класы, 2 оқу корпусы қосылған. Университетте заманауи техникамен (компьютерлермен, сканерлермен, принтерлермен) жабдықталған үш электронды зал жұмыс істейді. Бірақ, итернет жылдамдығы мен сапасына қатысты әлі де жетілдіруді қажет ететіндігі байқалады.

6В02201-Исламтану бакалаврі, 7М02201-гуманитарлық ғылымдар магистрі магистратура және 8D02201-PhD «Исламтану» білім алушылары мен ПОҚ университеттің құрамына төмендегі құрылымдардан тұратын материалды-техникалық базасы қызмет етеді: 2 оқу ғимараты, оқу аудиториялары, арнайы мамандандырылған оқу кабинеттері, кітапханалар, электронды оқу залдары, компьютерлік сыныптар, қоғамдық тамақтану орындары, медициналық пункттер. БББ-ның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер келтірілген.

БББ бағдарламасын іске асыру үшін кафедра материалды-техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Кафедраның оқу үдерісі дәріс залдарымен, арнайы кабинеттермен, компьютерлік сыныптармен, оқу залдарымен, мультимедиялық, лингафон кабинеттерімен қамтылған.

Кафедраның дәріс залдары мен аудиториялары интернет желісіне қосылған мультимедиялық құрылғылармен жабдықталған. Жыл сайын кафедраның сұранысы бойынша құрал-жабдықтар және кітапхана қоры жаңартылып тұрады.

Университетте білім алушылардың білім алудағы, жеке тұлғалық және мансап көтеру жолындағы қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында офис-тіркеу бөлімі, жастар ісі комитеті, кітапхана, дін және тәрбие бөлімі т.с.с. құрылымдар жұмыс атқарады.

Офис-тіркеу қызметі эдвайзерлермен, тьюторлармен біріге отырып,

білім алушының барлық оқу жетістіктерін тіркейді және академиялық рейтингті есептеу, аралық бақылауды, ағымдық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, бақылау, тіркеу жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар, офис-тіркеу қызметі жазғы семестрді ұйымдастыру, курстан курсқа көшіру, транскрипт даярлау, жеке оқу жоспарын құрастыру жұмыстарымен де айналысады.

Жақсарту шаралары:

1. Университеттің инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру (жатақхананы кеңейту)
2. Барлық оқу корпустары мен жатақхананы жоғары жылдамдықтағы Wi-Fi жүйесімен толық қамтамасыз ету.
3. Магистранттардың шет елдік тағылымдамасын қаржыландыруды қарастыру.
4. Білім алушылардың демалыс күндері мен кешкі 18.00-ден кейінгі уақытта оқу залдары мен кітапхана қызметін пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Стандарт 6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау – толық сәйкес

СТАНДАРТ 7. ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Дәлелдемелер және талдау:

Қоғамды ақпараттандыру процесінің іске асырылуына университеттің баспасөз қызметі жауапты және ректорат, қабылдау комиссиясы, оқу бөлімі, тіркеу бөлімі, кафедралар, жастар комитеті, т.с.с. университеттің құрылымдары қатысады.

Білім алушының білімін бағалау нәтижелері туралы жедел ақпарат беру үшін «Platonus» ААЖ-і пайдаланылады. Үлгерімнің электрондық журналы «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы білім алушылар дәріс, практикалық, өзіндік жұмыстар, әртүрлі іс-тәжірибелер бөлінісіндегі пәндері бойынша күн сайын оқытушылардың қойған бағаларын көре алады.

Университет сайты мен Platonus ақпараттық жүйесінде 6В02201-Исламтану бакалаврі, 7М02201-гуманитарлық ғылымдар магистрі магистратура және 8D02201-PhD «Исламтану» БББ мынадай ақпараттар қарастырылған: білім алушылардың жалпы саны, оқытуды жүзеге асыратын оқытушылар туралы ақпарат, университеттің білім беру мекемесі ретіндегі жалпы ақпараты; білім беру бағдарламалары мен бағдарламалар бойынша күтілетін нәтижелер жайлы ақпараттық материалдар, оқу формалары жайлы, университетке оқуға түсу жайлы ережелер; оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша материалдар; университеттің халықаралық қарым-қатынастары жайлы материалдар; университеттің түрлі құрылымдық бөлімдерінің, орталықтарының, кафедраларының әрекет ету саласы бойынша тақырыптық материалдарды таңдауға мүмкіндік; университеттің ағымды өміріндегі

жайттар, университетте өткізілген іс-шаралар жайлы материалдар (www.nmu.kz) сайтында жарияланған.

Сондай-ақ әрбір білім алушы, қызметкер және оқытушы жайлы ақпарат ұсынылған. Порталдағы ақпарат үнемі жаңартылып отырады (www.edu.nmu.kz).

Нұр-Мүбарак ЕИМУ түлектерінің жұмыс беруші талаптарына сәйкестік мониторингін анықтау мақсатында сауалнама жүргізеді. Түлектерді жұмысқа орналастыру кестелік деректері тұрақты қажеттілік үдерісі бар Исламтанушы мамандарға жұмыс берушілердің сұранысы артқандығын дәлелдейді.

Соңғы 5 жылдағы көрсеткіштерді ескере отырып, мониторинг және жұмысқа орналастыру бөлімі түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында іс-шаралар өткізді, осыған сәйкес, ҚМДБ және қалалық Дін істері басқармаларымен әріптестік меморандумдар мен шарттарға қол қойылған. (www.nmu.kz). Сонымен қатар университет түлектері Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығы, «Экстремизмнің алдын алу саласындағы мамандарды қайта даярлау институты» ҚМДБ жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, медресе-колледждер, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Дін істері агенттігі сынды мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс атқаруда.

Әрбір білім беру бағдарламасы үшін оның егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген бет жасалған. «Талапкер» бетінде талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін баланың оқуға түсуіне қажетті құжаттар тізімі берілген. Сондай-ақ осы бетте жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын жүзеге асыратын оқуға қабылдаудың типтік ережелері де берілген. «Оқу үдерісі» бетінде Platonus ақпараттық жүйесіне сілтеме, семестрлік ранжирлеу қорытындысы, куратор-эдвайзерлер туралы ереже берілген. Platonus ақпараттық жүйесінде әрбір білім алушының бүкіл оқу кезеңі барысындағы үдерісі жайлы толық ақпарат берілген. Барлық пәндер бойынша үлгерім жайлы есеп жүргізіледі, GPA, бұйрықтар мен жарнамалар жарияланады.

Сондай-ақ әрбір білім алушының білім алу жүйесіндегі ағымдық жағдайы, қызметкер және оқытушы жайлы ақпарат ұсынылған. Порталдағы ақпарат үнемі жаңартылып отырады (www.edu.nmu.kz).

Білім беру бағдарламаларының дайындық деңгейлері жайлы толыққанды ақпарат университеттің сайтында берілген. Дайындықтың барлық деңгейлерінің бөлімдері ортақ құрылым бойынша жасалған:

- бакалавриат білім беру бағдарламалары;
- университетке оқуға түсу шарттары;
- оқу ақысын төлеу шарттары.

Университет порталы түрлі басылымдарды орналастыруға, жалпы білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сайтының қонақтарының ұсыныстарын жариялауға мүмкіндік береді. Қызығушылық танытқан тұлғалардың ұсыныстарын қарастыру әдістерінің бірі ретінде тікелей университет сайтының басты парақшасындағы жоғары оқу орнының басшысының жеке блогына жазу болып табылады.

Университеттің әр кафедрасында оқу жылдарына арналған академиялық күнтізбесі, бағыттар бойынша оқытылатын пәндердің төлқұжаттары, міндетті және элективті пәндердің каталогы бар. Аталмыш күнтізбеде және оқытылатын пәндердің каталогында оқу үдерісі жайлы толық ақпарат берілген.

Нұр-Мүбарак ЕИМУ 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D0220 1докторантура «Исламтану» білім беру бағдарламасына талапкерлерді іріктеу және дайындау үшін кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізеді. Осы мақсатта университет Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығы, «Экстремизмнің алдын алу саласындағы мамандарды қайта даярлау институты» ҚМДБ жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, медресе-колледждер, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Дін істері агенттігімен келісімшартқа отырған. Сондай-ақ Исламтану кафедрасында 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура «Исламтану» ББББ бойынша оқуға қабылдау шарттары мен ережелері туралы ақпараттық хабарламалар, қажетті құжаттар тізімі, шығармашылық емтиханның бағдарламасы, емтихан билеттеріне дайындық сұрақтары, хабарландыру әзірленіп, алдын-ала университет сайтында жарияланады (www.nmu.kz). Және әлеуметтік желідегі \vk.com\nurmubarakuniversitity және \instagram.com\nmu_kz парақшалары жүргізіледі.

Кәсіби бағдар жұмыстары кезеңінде сондай-ақ хабарландырулар Нұр-Мүбарак ЕИМУ сайтында, ҚМДБ сайтында (www.muftyat.kz), ҚМДБ-ға қарасты «Ислам өркениеті» газетінде, ҚМДБ-ға қарасты мешіт сайттарында жарияланады. Сондай-ақ талапкерлерге арналған буклеттер шығарылып таратылады. Буклетте Нұр-Мүбарак ЕИМУ-індегі мамандық атаулары, құжат қабылдау уақыты, қажетті құжаттар тізімдемесі, университет туралы жалпы мәлімет, университеттегі инфрақұрылым мен білім алушыларға қолайлы жағдайлар т.б. мәліметтер қамтылады.

Білім алушылардың тиімді білім алулары үшін университет тарапынан бірқатар қолдау қызметтері (610 орындық жатақхана, араб тілі, ағылшын тілі, түрік тілі, орыс тілі қосымша курстары, оқу-әдістемелік мешітінде мамандық бойынша білімін жетілдіруге арналған қосымша курстары, заманауи дизайндағы асхана, білім алушылар дүкені, буфет, білім алушылардың өзін-өзі басқару бөлмелері, жаттығу залы, теннис залы, жатақханадағы кітапхана, оқу залдары т.б.) қарастырылған. Жатақхананың эстетикалық көрінісі мен суреттері университет сайтында, буклеттер мен фотобукта көрсетілген (www.nmu.kz).

Жақсарту шаралары:

1. Мультимедиалық жарнамалар санын ұлғайту.
2. Университет сайтын шел тілдеріндегі материалдарды орналастыру арқылы жетілдіру.

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру – толық сәйкес

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ

Аудит қорытындысы бойынша сараптама тобының жақсарту үшін ескертулер мен білім беру сапасын дамыту шаралары:

Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаны қамтамасыз ету саясаты –басым сәйкес

Ескерту:

1. 6В0220 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201 докторантура ББ мақсаты мен міндеттерінде сәйкестіктер кездеседі. Бұл білім беру үрдісіндегі деңгейлік сабақтастық логикасына қайшы келеді.

Жақсарту шаралары:

1. 6В02201 бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ деңгейіне сай мақсаты мен міндеттерін жетілдіру.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпаратты басқару – басым сәйкес

Ескерту:

1. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ паспорты білім алушылар мен жұмыс берушілермен келісілмеген.
2. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ таңдау модульдарына бөлінбеген.

Жақсарту шаралары:

1. Оқу-әдістемелік құжаттарды нормативті-құқықтық әктілерге сәйкестендіру.
2. 6В02201бакалавриат, 7М02201 магистратура және 8D02201докторантура ББ үш тілде әзірлеу: қазақша, ағылшынша және орысша
3. Іс-тәжірибеге қатысты құжаттарды жүйелеу.
4. Шет елдік жетекші ЖОО-лармен ортақ ББ әзірлеу.

Стандарт 3. Білім алушылар, білім алушытік орталықтандырылған оқыту, білім беру және үлгерімді бағалау – толық сәйкес

Жақсарту шаралары:

1. ААЖ қолдана отырып офистік тіркеуші жұмысын жетілдіру (ОӘК-нің есептік көрсеткіштерін, білім алушыларды бағалау жүйелілігін).

2. Қашықтан оқыту жүйесін дамыту.

Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, оқыту нәтижелері, тану және біліктіліктер – толық сәйкес

Жақсарту шаралары:

1. Магистранттарды қабылдау динамикасының төмендеуіне байланысты кәсіби бағдар жұмысын жандандыру.
2. ЖОО-ның ПОҚ-ның сыртқы академиялық мобилділік жұмысын нығайту.
3. Магистранттардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру.

Стандарт 5. Профессор-оқытушы құрамы – толық сәйкес

Жақсарту шаралары:

1. Шет елдік университеттермен бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу етіктерін қарастыру.
2. Гранттық зерттеулерді жүзеге асыруда университет ПОҚ-тың қатысуын жандандыру.

Стандарт 6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау – толық сәйкес

Жақсарту шаралары:

1. Университеттің инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру (жатақхананы кеңейту)
2. Барлық оқу корпустары мен жатақхананы жоғары жылдамдықтағы Wi-Fi жүйесімен толық қамтамасыз ету.
3. Магистранттардың шет елдік тағылымдамасын қаржыландыруды қарастыру.
4. Білім алушылардың демалыс күндері мен кешкі 18.00-ден кейінгі уақытта оқу залдары мен кітапхана қызметін пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Стандарт 7. Қоғамды ақпараттандыру – толық сәйкес

Жақсарту шаралары:

1. Мультимедиалық жарнамалар санын ұлғайту.
2. Университет сайтын шел тілдеріндегі материалдарды орналастыру арқылы жетілдіру.

Қосымша 1

«Нұр Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінде 4-5 наурыз 2020 жылы 2 білім беру бағдарламасыны мамандандырылған аккредитация бойынша жүргізілетін БСҚА сараптама тобының сыртқы аудит

БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Іс-шаралар	Қатысушы	Орны
03.03.2020 г. Кесте бойынша	Сараптамалық топ мүшелерінің келуі		Қонақ үй «Амбассадор»
1: 4 наурыз 2020 жыл			
7.00-8.00	Таңғы ас	Ж, СТ, Y	Қонақ үй «Амбассадор»
8:00-8:20	Университетке жету	Ж, СТ, Y	УЖТ, жүргізушілер
8:20-9:30	Сарапшылардың жұмыс кабинеттеріне орналасуы, Кіріспе жиналыс	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
9:30-10:00	Университет ректорымен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, ректор	Бас ғимарат Ректор кабинеті
10:00 -10:40	Университет проректорымен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, проректор	Бас ғимарат, Проректор кабинеті(каб.202)
10:40-10:55	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
10:55-11:25	Құрылымдық бөлім басшыларымен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, құрылымдық бөлім басшылары	Бас ғимарат Мәжіліс залы (104 каб,)
11:25-11:40	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
11:40-13:00	Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедраларды және оған қолдау көрсететін университет бөлімдерін аралап тексеру	Ж, СТ, Y, кафедра меңгерушілері	№1 оқу ғимараты Араб және ағылшын тілдер кафедрасы (303 каб.), смарт класс (307 каб.), Исламтану кафедрасы (401-каб.), оқу залы. (405-ауд.), Тәрбие істері және әлеуметтік даму департаменті (2-қабат), конфнренция залы (1-қабат), кітапхана, оқу залы (1 қабат), асхана, медициналық пункт. №2 оқу ғимараты Әбу Ханифа Ғылыми-зерттеу

			орталығы.
13:00-14:00	Түскі ас	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, Университет асханасы
14:00-14:40	Білім беру бағдарламаларын іске асыратын кафедра меңгерушілерімен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, каф. меңгерушілері	Бас ғимарат, Мәжіліс залы (104-каб)
14:40- 14:50	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
14:50-15:30	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру бағдарламаларының студенттермен, магистранттармен, докторанттармен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, студенттер, магистранттар, докторанттар (Фокус тобы)	Бас ғимарат, Мәжіліс залы (104-каб) Конференц зал (1-қабат)
15:30-15:45	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
15:45-16:25	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедралардың оқытушыларымен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, ОПҚ (Фокус тобы)	Бас ғимарат, Мәжіліс залы (104 каб) Конференц зал (1-қабат)
16:25 – 16:40	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
16:40-17:10	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру бағдарламаларының түлектерімен сұхбаттасу	Ж, СТ, Y, Түлектер (Фокус тобы)	Бас ғимарат, Мәжіліс залы (104 каб)
17:10- 17:20	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
17.20-18.00	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілерімен кездесу	Ж, СТ, Y, жұмыс берушілер (фокус-топтар)	Бас ғимарат, Мәжіліс залы (104 каб)
18:00 -18:30	Сараптамалық топ мүшелерімен пікір алмасу. Күн нәтижесін талқылау. Бірінші күннің жұмысын қорытындылау.	Ж, СТ, Y,	Бас ғимарат, 309-кабинет
18:30 – 19:30	Қонақ үйге жеткізу	Ж, СТ, Y	УЖТ, жүргізушілер
19:30-20.30	Кешкі ас	Ж, СТ, Y	Қонақ үй «Амбассадор»
20:30	Келесі күнге дайындық	Ж, СТ, Y	
2: 5 наурыз 2020 жыл			
7.00-8.00	Таңғы ас	Ж, СТ, Y	Қонақ үй «Амбассадор»
8:15-8:45	Университет корпусына келу	Ж, СТ, Y	УЖТ, жүргізушілер
8.45-9.00	Кеңсеге орналастыру	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
9:00-9:30	Офис-тіркеуші кеңсесінде болу	Ж, СТ, Y	№2 Ғимарат

			каб. 113
9:30-11:00	Сабақтарға қатысу, практика базаларына бару	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, №2 ғимарат Абу Ханифа медресесі
11:00 -13:00	Аккредиттеуден өтіп жатқан білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын кафедралардың құжаттарын тексеру	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
13:00-14:00	Түскі ас	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, Университет асханасы
14:00-15:00	Кафедра меңгерушілері мен бөлім басшыларын іріктеп шақыру, СТ ұсыныстарымен жұмыс	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
15:00-16:00	СТ-ның ССТ есебін әзірлеуі	Ж, СТ, Y	Бас ғимарат, 309-кабинет
16:00-16:30	Басшылықпен кездесу, алдын-ала нәтижелерді ұсыну	Ректор, Ж, СТ, Y, проректор	Бас ғимарат Мәжіліс залы (каб.104)
18:00-19:00	Кешкі ас	Ж, СТ, Y	Қонақ үй «Амбассадор»
19:00	Қонақ үйге ауыстыру	Ж, СТ, Y	УЖТ, Жүргізушілер
	Сарапшыларды шығарып салу		

Нұсқаулар: сараптама тобының жетекшісі - Ж сарапшылар тобы - СТ; үйлестіруші - Y; Университеттің жауапты адамы – УЖТ; Университеттің жауапты тұлғасы - УЖТ барлық іс-шараларда Ж - сарапшылар тобының жетекшісімен және Y - агенттіктің үйлестірушісімен бірге болуға міндетті.

Қосымша 2

СҰХБАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы
1	Мухаммад аш-Шаххат әл-Жинди	Ректор	PhD доктор
2	Құрманбаев Қайрат	Проректор	PhD доктор

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР БАСШЫЛЫҒЫ

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Шамшат Амангелдіқызы Әділбаева	Сапа менеджмент бөлімінің меңгерушісі
2	Махмет Мұратхан	Оқу - әдістемелік басқарма басшысы
3	Пазылбеков Жеңіс	Стратегиялық даму бөлімінің меңгерушісі
4	Байзақ Мақсат Мұратұлы	Тәрбие істері және әлеуметтік даму департаментінің директоры
5	Маратов Тимур	Заңгер
6	Қасымбаева Гүлнар Қадырбекқызы	Қаржы бөлімінің меңгерушісі
7	Қайранбаева Қаарлығаш Сыдыковна	Кадр бөлімінің меңгерушісі
8	Олжабаев Сұлтанхан Сагындыкович	Шаруашылық бөлімінің меңгерушісі
9	Бейісбек Қалбибі Жолшықызы	Кітапхана меңгерушісі
10	Тлебалдина Сауле Алимгазиновна	Студенттік бөлім меңгерушісі
11	Имашева Гүлім Есенғалиқызы	ЖООКББ бөлімі меңгерушісі
12	Жолмағанбетова Маржан Аманбаевна	ОӘК төрайымы
13	Бердібеков Серік Хусанович	Жүйе администраторы
14	Тажикова Ақтолқын	Баспасөз хатшысы
15	Қалмахан Ержан Сейітұлы	Дінтану кафедрасының меңгерушісі
16	Капасова Дарига Армановна	Жалпыгуманитарлық пәндері кафедрасының меңгерушісі
17	Бағдат Манабаев Маханович	Араб тілі және әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

КАФЕДРА МЕҢГЕРУШІСІ

№	Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми дәрежесі, атағы	Қай жылдан бері университетте жұмыс істейді
1	Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы	Исламтану кафедрасының меңгерушісі	PhD доктор	2017ж.

УНИВЕРСИТЕТ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Қызметі, ғылыми дәрежесі, атағы
1	Адилбаев Алау	Оқытушы, Қауымд. проф.
2	Мухитдинов Рашид	Оқытушы, филол.ғ.к.
3	Шайзан Бауыржан	Оқытушы, магистр
4	Алпысбаев Ерғали	Оқытушы, магистр
5	Исмаилов Олжас	Оқытушы, магистр
6	Акимханов Асқар	Оқытушы, PhD доктор
7	Жамашев Азамат	Оқытушы, PhD доктор
8	Смагулов Құрмет	Оқытушы, магистр
9	Уйсенбаев Бейбіт	Оқытушы, магистр
10	Саид Абдулмажит	Оқытушы, PhD доктор

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

(1-4 курс студенттері)

№	Аты-жөні	Курсы	GPA
1.	Рахымбердиев Дәурен	4 курс	3,35
2.	Қалабай Мәлік	4 курс	3,21
3.	Айткожа Еркелды Ерболулы	4 курс	3,30
4.	Илясова Анеля	4 курс	3,35
5.	Мажыранова назым Қадылбековна	3курс	3,35
6.	Тойбеков Абзал	2 курс	2,90
7.	Абдуллаев Нұрсұлтан	2 курс	3,35
8.	Абдраш Назерке	2 курс	3,21
9.	Ажнұров Асылкеней	2 курс	3,35
10.	Алғабасов Ринат	2 курс	3,35
11.	Исаева Жансая Ибрагимқызы	2 курс	3,35
12.	Аман Бағдат	1 курс	3,35
13.	Әбдірахман Пернехан	1 курс	3,35
14.	Бектұрсынов Айбек	2 курс	3,35
15.	Ұлғайсынұлы Ғаббас	2 курс	3,35
16.	Дәрібаева Айнұр Саламатқызы	1 курс	3,35
17.	Жолдасбаев Баубек	1 курс	3,35
18.	Қадыров Әмір	1 курс	3,35
19.	Бейсенбекова Баян Балабековна	1 курс	3,21
20.	Кошкаров Сейтбек	2 курс	3,35

21.	Малкаждаров Абылайхан	2 курс	3,35

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ
(1-2 курс магистранттары)

№	Аты-жөні	Курсы/ GPA
1	Айдос Әсет Мәдинецұлы	1/3,56
2	Ауезхан Альфараби Сагимбекович	1/3,28
3	Әбілда Жанбота Майлыбайұлы	1/3,39
4	Музаффар Адина Сейтрахымқызы	1/3,33
5	Ахтанова Айзада	1/3,61
6	Мухаммед Ибрахим Жәмила	1/3,67
7	Алуадинов Бағдат Смағұлұлы	2/3,40
8	Кенжебай Осыман	2/3,30
9	Маутхан Қадылбек	2/3,60
10	Мурат Нурлан	2/3,65
11	Тилеубердиев Усен Джанзакулы	2/3,0
12	Шоханова Махдия Төлегенқызы	2/3,78
13	Ергешова Малика Айтжановна	2/3,50
14	Жумырбаев Жумабай Куандыкович	2/3,50
15	Заурбекова Гульвира Ердановна	2/3,70

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ
(1-3 курс докторанттар)

№	Аты-жөні	Курсы/ GPA
1	Жұматаев Әбілқайыр	1/3,75
2	Илесбеков Бижан	1/3,75
3	Смагулов Нұржан	1/3, 80
4	Нұржан Нұрсұлтан	1/3,80
5	Стамбакиев Нұржан	3/3,78
6	Илимбаев Ризабек	3/3,67
7	Сабдин Аскар	2/3,80
8	Сарсембаев Асылбек	3/3,60

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Қызметі, жұмыс орны
1	Сатершинов Бахытжан Менлибекович	Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің аға қызметкері
2	Құдайқұлов Тұрсын Таңатарұлы	Алматы қ. «Қоғамдық даму басқармасының мониторинг және талдау орталығы алдын-алу және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі
3	Борбасова Қарлығаш Молдағалиқызы	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ профессоры
4	Керим Шамшадин Турсынович	Әбу Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры
5	Раманқұлов Мақсат Аралбайұлы	БҚО Дін істері басқармасының бас маманы
6	Шоқай Еркінбек	Алматы қаласының бас имамы
7	Ықтияр Палтөре	Әл-Фараби атын. ҚазҰУ Шығыстану институтының деканы
8	Есмағанбет Нұрбек Әуесханұлы	ҚМДБ, Дін істері және талдау бөлімінің меңгерушісі
9	Маханбет Құлмұхамет	Әбу Ханифа медресе колледжінің директоры
10	Сабри Хизметли	Шет тілдері және іскерлік карерьа университетінің ректоры
11	Мурзабаев Кенжали	Имамдарды даярлау институтының директоры
12	Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлы	Нұр-Мүбарак мешітінің бас имамы
13	Рахмашев Болатбек	Үшқоңыр медресе-коледжінің директор орынбасары
14	Тыныштықов Асланбек	Маңғыстау облысы Дін істері жөніндегі басқарма қызметкері

ТҮЛЕКТЕР ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Бітірген жылы	Оқу деңгейі	Қызметі, жұмыс орны
1	Давмушаров Сәкен Амангелдіұлы	2017	Магистр	Алматы қ., Алатау ауд., Алғабас мешітінің бас имамы
2	Тургараев Алмас	2017	Магистр	Әскерата мешітінің бас имамы Алматы қаласы, Алатау ауданы
3	Әбіш Қуаныш	2016	Магистр	Алматы қаласы, дін істері басқармасына қарасты кеңес беру және оңалту орталығында теолог
4	Баезов Олжас	2015	Бакалавр	Қарасу мешітінде найб имам
5	Рахимов Абдухалик		Магистр	Имамдар институтының оқытушысы
6	Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлы	2017	PhD	Нұр-Мүбарак мешітінің бас имамы
7	Әміре Ерсін	2016	Магистр	Алматы қаласының орталық мешітінің наиб имамы

8	Тәжібаев Серік	2018	Доктарант	«Ақниет» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» республикалық қоғамдық қорының Алматы қаласы бойынша теологы
9	Раманқұлов Мақсат Аралбайұлы	2012	Бакалавр	БҚО Дін істері жөніндегі басқарма басшысы
10	Көкірекбаев Ермек	2015	Магистр	Алматы қаласының орталық мешітінің наиб имамы
11	Бауыржан Әлиұлы	2016	Магистр	Имам Матуриди ғылыми-зерттеу орталығының директоры
12	Пазылов Айдос	2016	Бакалавр	Орбита мешітінің наиб имамы
13	Құдайқұлов Тұрсын Таңатарұлы	2015	Магистр	Алматы қ. «Қоғамдық даму басқармасының мониторинг және талдау орталығы алдын-алу және түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі
14	Утпенов Мусабек	2008	Магистр	Алматы облысы Талғар ауданының бас имамы
15	Тыныштықов Асланбек	2018	Магистр	«Ақниет» ақпараттық-насихаттау және оңалту орталығы» республикалық қоғамдық қорының Маңғыстау өңірі бойынша аймақтық өкілдігінің басшысы
16	Оразбаев Ардақ Нүсіпханұлы	2013	Магистр	Алматы облысы, Талдықорған өңірі бойынша өкіл имамы және Талдықорған қаласындағы аймақтық орталық «Иман» мешітінің бас имамы

Қосымша 3

ЖОО-ДА ҚОСЫМША ҚАРАСТЫРЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

«Исламтану» бағытының 6В02201-бакалавриат, 7М02201 -магистратура және 8D02201-докторантура ББББ бойынша :

- Мамандық бойынша іс-тәжірибе құжаттары:
- Ғылыми жетекшілерді тағайындау, бекіту туралы құжаттар
- ААЖ жүйесі;
- Білім бағдарламаларының паспорты;
- Ғылыми диссертациялық және диплом жұмыстарының тақырыптарының бекітілу құжаттары мен бұйрықтары
- Шет елдік ғылыми басылымдарда жарық көрген және университетет ПОҚ еңекбері;